

**Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің саудасында арнайы қорғау, антидемпингтік және өтем шараларын қолданудың тетігі туралы хаттаманы бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 20 шілде N 1094

**Р Қ А О - н ы ң е ск е р т п е с і !**

**Келісім қолданысын тоқтатты - ҚР 24.12.2014 N 266-V Заңымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2000 жылғы 17 ақпанда Мәскеу қаласында жасалған Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің саудасында арнайы қорғау, антидемпингтік және өтем шараларын қолданудың тетігі туралы хаттама бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы мен Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы Үкіметтерінің басшылары Кеңесінің шешімі

17 ақпан 2000 жыл

N 72

Мәскеу қаласы

**Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің саудасында арнайы қорғау, антидемпингтік және өтем шараларын қолданудың тетігі туралы хаттама**

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы Үкіметтері басшыларының Кеңесі шешті:

1. Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің саудасында арнайы қорғау, антидемпингтік және өтем шараларын қолданудың тетігі туралы хаттама (қосымшада берілген) **қ а б ы л д а н с ы н .**

2. Мұше тараптардың үкіметтері үш ай мерзім ішінде 1-тармақта көрсетілген Хаттаманы күшіне енгізу үшін қажетті ішкі рәсімдерді өткізу мақсатында шаралар қолдануды тапсырын және оның нәтижесі туралы Интеграциялық Комитетке ескертсін.

*Беларусь Республикасы Үкіметінің атынан*

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан*

*Қырғыз Республикасы Үкіметінің атынан  
Ресей Федерациясы Үкіметінің атынан  
Тәжікстан Республикасы Үкіметінің атынан*

**Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің саудасында  
арнайы қорғау, антидемпингтік және өтем шараларын  
қолданудың тетігі туралы**

**ХАТТАМА**

(2000 жылғы 12 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Хаттаманың мәтіні бойынша тиісті септіктегі "елеулі нұқсан, едәуір нұқсан" деген сөздер "едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан" деген тиісті септіктегі сөздермен ауыстырылды - КР Үкіметінің 2004.06.21 N 676 Қаулысымен.

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

Кеден одағы және Кеден одағына мүше мемлекеттер арасындағы еркін сауда туралы екіжақты келісімдерді басшылыққа ала отырып, сондай-ақ 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық қеңістік туралы шарттың ережелерін ескере отырып,

1994 жылғы 15 сәуірдегі Еркін сауда аймағын құру туралы келісімге 1999 жылғы 2 сәуірдегі Өзгерістер мен толықтырулар туралы хаттаманың 23-тармағына сәйкес,

өзара сауда және үшінші елдермен саудада жасалатын тауар импортына қатысты арнайы қорғау, антидемпингтік және өтем шараларын келісіп қолдану мақсатында,

ұлттық өндірісті қорғауды қамтамасыз етуге, ұлттық және шетелдік тауар өндірушілер арасында бәсекелестікті дамытуға, сондай-ақ ұлттық өнімнің бәсекелестік қабілетін арттыруға жәрдемдесуге жағдай жасауға тілек білдіре отырып,

Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің (мәтін бойынша бұдан әрі - қатысушы мемлекеттер) ішкі рынокты және ұлттық өнім өндірушілерді қорғау шараларын қолдану кезінде шығындарды мүмкіндігінше азайтуға ұмтыла отырып,

халықаралық құқтың жалпы қабылданған нормалары мен қағидаттарын басшылыққа ала отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Осы Хаттаманың мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

ұлттық экономика саласына келтірілген едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан - қатысушы мемлекеттің кеден аумағына осындай немесе тікелей бәсекелес тауар әкелінуінің, не осындай тауардың демпингтік импорты, не тиісті қатысушы мемлекет

немесе үшінші елдер субсидиялайтын тауар импортының артуы салдарынан туындаған және атап айтқанда, осындай тауар импортының қысқаруы қатысушы мемлекеттің ішкі рыногында оны сатудың қысқаруы осындай тауар өндірісінің рентабельділігінің төмендеуі, қатысушы мемлекеттің ұлттық экономикасы саласы дамуының баяулауы, тауар қорларына, халықтың жұмыспен қамтылуына, жалақы деңгейіне, жалпы инвестициялық белсенділікке теріс әсері түрінде көрінетін ұлттық экономика салаларындағы елеулі түрде жалпы нашарлағаны дәлелдермен және басқа да

көрсеткіштермен расталуы;

ұлттық экономика саласына келтірілген материалдық нұқсан - демпингтік немесе тауарлардың субсидияланатын импорты салдарынан туындаған және атап айтқанда, қатысушы мемлекетте соған ұқсас тауарлар өндірісі көлемінің және қатысушы мемлекеттің ішкі рыногында оларды сату көлемінің қысқаруынан, осындай тауар өндірісі пайдалылығының төмендеуінен, тауар қорына, жұмыспен қамтуға, жалақы деңгейіне, ұлттық экономиканың осы саласына инвестициялардың деңгейіне келенсіз әсер етуінен көрінетін ұлттық экономика саласы жағдайының дәлелдемелермен

расталған нашарлауы;

ұлттық экономика саласына келтірілген елеулі нұқсан - тауардың өспелі импортының салдарынан туындаған және жалпы қатысушы мемлекетте тікелей бәсекелес тауар өндіруде ахуалдың нашарлауынан көрінетін ұлттық экономика саласының өндірістік, сауда және қаржылық жағдайының едәуір нашарлауы;

ұлттық экономика саласына едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтірілу қаупі - ұлттық экономика саласына алдын алу мүмкін емес едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтіруінің дәлелдермен расталған болмай қоймайтындығы;

ұлттық экономика саласы - қатысушы мемлекет экономикасының кез-келген саласында осындай немесе тікелей бәсекелес тауар өндірушілер;

осындай немесе тікелей бәсекелес тауар - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы сыртқы экономикалық қызметтің бірдей тауар номенклатуралық кодымен белгіленетін және басқа тауардан мулде айнымайтын немесе өзінің функционалдық мақсатына, қолданылуы, сапалық және техникалық сипаттамасы және басқа да негізгі қасиеттері бойынша салыстыруға келетіндіктен, сатып алушы тұтыну кезінде осындай тауармен басқа тауарды алмастыратын немесе алмастыруға дайын тауар;

арнайы қорғау шаралары - Тараптың импорттың немесе арнайы баждың сандық шектеулерін, соның ішінде уақытша арнайы баж енгізу жолымен қолданатын, ішкі рыногында еркін айналуы үшін қатысушы мемлекеттердің бірінің кеден аумағына тауар әкелуді шектеу жөніндегі шаралар;

арнайы баж - арнайы қорғау шараларын енгізу кезінде қолданылатын және қатысушы мемлекеттің уәкілетті органы әкелудің кедендей бажының базалық ставкасынан тыс алатын баж;

антидемпингтік шаралар - Тараптың антидемпингтік баж соның ішінде уақытша

антидемпингтік баж енгізу, не баға міндеттемелерін қабылдау арқылы тауардың демпингтік импортын шектеу жөніндегі шаралар;

антидемпингтік баж - антидемпингтік шаралар енгізу кезінде қолданылатын және қатысушы мемлекеттің уәкілетті органы әкелудің кедендік бажының базалық ставкасынан **тыс алатауын баж;**

демпингтік импорт - қалыпты құнынан төмен экспорттың бағасы бойынша тауар импорты;

өтеу шаралары - Тарап өтеу баждарын, соның ішінде уақытша өтеу баждарын енгізу, не баға міндеттемелерін қабылдау жолымен қолданатын, қатысушы мемлекеттердің бірі немесе үшінші бір ел субсидиялайтын, тауар импортын шектеу жөніндегі шаралар;

өтеу бажы - өтеу шараларын енгізу кезінде қолданылатын және қатысушы мемлекеттің уәкілетті органы әкелудің кедендік бажының базалық ставкасынан **тыс алатауын баж.**

**Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.21 N 676 Қаулысымен.**

## **2-бап**

Мыналар: арнайы қорғау шаралары тауар импортын сандық шектеулер нысанында немесе арнайы баждар нысанында енгізілуі мүмкін болып;

антидемпингтік шаралар антидемпингтік баждар не баға міндеттемелерін қабылдау нысанында **енгізілуі мүмкін болып;**

осы Хаттама ережелеріне және (немесе) қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамасына сәйкес едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан немесе едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтіру қаупін жою үшін қажетті мерзімге өтеу шаралары өтеу баждары не баға міндеттемелерін қабылдау нысанында енгізілуі мүмкін болып белгіленсін.

## **3-бап**

Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағына тауар импорты ұлттық экономика саласына едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтірілген немесе едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтіру қатері бар санында және шарттарымен жүзеге асырылған жағдайда осы Тарап ұлттық заңнамаға сәйкес тексеру жүргізгеннен кейін осы тауар импортына қатысты арнайы қорғау, антидемпингтік немесе өтеу шараларын қолдануы мүмкін.

Қатысушы мемлекеттердің ішкі рыноктарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Интеграциялық комитеттің жанынан Ишкі рыноктарды қорғау жөніндегі комиссия (бұдан **эрі - Комиссия**) құрылады

**Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.21 N 676 Қаулысымен.**

## **4-бап**

Егер Тараптардың бірі үшінші елдерден тауар импортына қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтеу шараларын қолдануға ниеттенсе, онда бұл Тарап алдын ала, бірақ жоспарланған шаралар енгізілгенге дейін 30 күннен кешіктірмей бұл туралы басқа Тараптарды хабардар етуге және консультациялар өткізуді ұсынуға тиіс.

Консультациялар өткізу туралы ұсыныс жазбаша нысанда жіберіледі, оған ұлттық экономиканың саласына едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтірілген немесе едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтіру қаупі бар фактіні раставтын материалдар қоса беріледі.

Егер Тараптардың бірі қатысушы мемлекеттерден шығатын тауар импортына қатысты арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтеу шараларын қолдануға ниеттенсе, бұл Тарап жоспарланған тергеу аяқталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей мүдделі Тараптарға уақыты мен оларды өткізу орнын көрсете отырып, консультацияға шақыру қағазын, сондай-ақ арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтеу шараларын қолданбай-ақ жағдайды реттеу жөніндегі ұсынысты жібереді.

Консультацияларға қатысатын Тараптар делегацияларының басшылары атқарушы биліктің орталық мемлекеттік органы департаментінің (бөлімшесінің) басшысынан төмен емес лауазымда болуы тиіс. Консультациялар жүргізу қатысушылардың құрамы мен лауазымдары міндетті түрде көрсетілетін хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға делегациялардың басшылары қол қояды және оның көшірмелері қол қойылған күннен бастап 10 күн мерзімде Интеграциялық Комитеттің Хатшылығына жіберіледі.

Консультациялар барысында Тараптар арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтеу шараларын қолданбай-ақ, жағдайды реттеу бойынша өзара қолайлы уағдаластықтарға қол жеткізу ге ұмтылуы тиіс.

Егер жүргізілген консультациялардың нәтижесінде жағдайды реттеу бойынша өзара қолайлы уағдаластықтарға қол жеткізілмесе, онда ішкі рынокты қорғау шаралары туралы мәселе Комиссияның қарауына енгізіледі

**Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2004.06.21 N 676 Қаулысымен.**

## **4а-бап**

Ішкі рынокты қорғау жөніндегі шаралар туралы мәселені Комиссия қарау үшін тергеу жүргізуші Тарап жоспарланған шаралар енгізілгенге дейін 45 күннен кешіктірмей мынадай мәліметтерді қамтитын материалдарды Интеграциялық Комитеттің Хатшылығына жібереді:

тауарлардың өспелі, демпингтік немесе субсидияланатын импортының салдарынан ұлттық экономикаға едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтірілуі немесе едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтіру қаупі бар негіздемесі;

оған қатысты тергеу жүргізілген кезеңнің басындағы және сонындағы тауардың жиынтық импортындағы қатысушы мемлекеттердің үлестері;

қатысушы мемлекеттердің тауарлар импортынан ішкі рынокты қорғау үшін қабылдануы мүмкін шараптар туралы ұсыныстар.

Едәуір (материалдық, елеулі) нұқсанның келуі және оның қолемі Мемлекетаралық Кеңес бекітетін ЕурАЗЭҚ-өа мүше мемлекеттердің өспелі, демпингтік немесе субсидияланатын тауарлар импортының салдарынан ұлттық экономика салаларына едәуір нұқсанның келуін және оның қолемін айқындаудың бірыңғай әдістемесінің негізінде айқындалады.

Комиссия қатысушы мемлекеттердің ішкірыногын қорғау туралы мәселені материалдарды алған күнінен бастап 14 күннің ішінде қарайды. Комиссия шешімі, мүмкіндігінше, арнайы қорғау, демпингке қарсы немесе өтеу шараларын қолданбай-ак, жағдайды шешу жөніндегі, не Тараптың осындай шараларды енгізу ниетінен ең аз шектеулі шараларды қолдану жөніндегі ұсынылып отырған ұсынымдарын қамтуы тиіс.

Тергеу жүргізуші Тарап Комиссия шешімін орындау үшін барлық мүмкін болатын шараларды қабылдайды.

Егер Тараптардың қайсыбірі Комиссияның ұсынымдарына келіспеген жағдайда тергеу жүргізуші Тарап дербес және өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес өз ішкі рыногын қорғау жөнінде шаралар қабылдауға құқылы. Тергеу жүргізуші Тарап осындашынан шаралар қабылдау ниеті туралы Комиссия тиісті шешім қабылдағаннан кейін 10 күннен кешіктірмей Комиссияны хабардар етуі тиіс. Көрсетілген шараларды қабылдау туралы шешімге осындашынан шешім қабылдаған Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес шағымдануға болады.

Осы Хаттамадағы ешнәрсө Тараптарға, олардың тауар өндірушілеріне және қатысуышы мемлекеттердің заңнамасына сәйкес мүдделі болып табылатын өзге де тұлғаларға, тергеулер жүргізу үшін жауапты қатысуышы мемлекеттердің атқарушы билігінің орталық мемлекеттік органдарына түсініктемелер және олардың көз қарасынша, объективтік фактілерді белгілеу үшін қажетті өзге де мәліметтер ұсынуға кедергі келтірмейді. Өз кезегінде, Тараптардың көрсетілген атқарушы билік органдары Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген рәсімге және мерзімдерге сәйкес бұл түсініктемелер мен мәліметтерді қарауға қабылдауға міндетті.

Ескеरту. Хаттама 4а-баппен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.21 N 676  
Каулысымен.

5-бап

Едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтіру фактісінің расталуы қолда бар деректерге негізделуғе тиіс болып және оған тауар импорттының қолемі және оның

осында үлттық ішкі рыноктағы немесе тікелей бәсекелес тауар бағасына әсері сияқты, импорттаушы қатысушы мемлекеттің үлттық экономикасы саласының өндірушілері үшін осы импорттың салдары ретіндеңгі объективті талдау енгізілуі тиіс болып белгіленсін.

Тауар импортының көлемі қатысушы мемлекеттің аумағында өндірістің және осында әсері тікелей бәсекелес тауар тұтынудың деңгейіне қатысты абсолюттік және салыстырмалы мәндеріндеңгі едәуір өсуі қөзқарасы түрғысынан қаралады.

## 6-бап

Тауар импортының үлттық ішкі рынок бағаларына әсері, тауар импорты болмаған жағдайда орын алатын, импортталатын тауар бағасы мен үлттық өндірістің осында әсері тікелей бәсекелес тауары бағасы арасындағы едәуір айырмашылық фактісін немесе иморттың осы бағалардың төмендеуіне әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін, осы бағалардың өсуіне кедергі келтіретін немесе кедергі болуы мүмкін өзге де едәуір әсері фактісін анықтау арқылы айқындалатыны белгіленсін.

## 7-бап

Тауар импортының үлттық экономика саласына әсерінің дәлелі саланың жағдайына әсер ететін барлық маңызды экономикалық факторларды, атап айтқанда, орын алған немесе таяу уақытта сату көлемінің, пайданың және өндіріс көлемінің, рыноктағы үлесінің еңбек өнімділігінің, капитал салымының өтелуі, өндіріс қуатының пайдаланылуы азауы, ішкі бағаларға әсер ететін факторлардың кірістерге нақты және ықтимал әсерін, қоймалардағы қорларды, халықтың жұмыспен қамтылуын, жалақыны, өсу қарқынын, үлттық экономика салалары кәсіпорындарының жиынтықты жарғылық қорының өсу мүмкіндігін немесе олардың капитал салымының көбеюін бағалауға негізделуге тиісті болып айқындалсын.

## 8-бап

Импорттаушы қатысушы мемлекеттің үлттық экономика саласына едәуір (материалдық, елеулі) нұксан келтірілуі немесе едәуір (материалдық, елеулі) нұксан келтіру қаупінің дәлелі, сондай-ақ, саланың жағдайына келеңсіз әсер ететін тауар импортынан өзге факторларды, соның ішінде қалыпты жағдайында жүзеге асырылатын тауар импорты бағаларының деңгейі мен көлемін, сұраныс пен тұтынудың өзгеруін, шектеулі сауда практикасының және шетелдік және үлттық өндірушілер арасындағы бәсекелестік салдарын, өндіріс технологиясының өзгеруін, үлттық экономика саласының экспорттық және өндірістік көрсеткіштерін зерделеуге негізделуге тиісті болып айқындалсын.

Мұндай факторлар келтірген едәуір (материалдық, елеулі) нүксан арнайы қорғау, антидемпингтік және өтеу шаралары қолданылуы мүмкін тауар импортының есебіне жатқызылуға тиісті емес.

9-бап

Ұлттық экономика саласына едөүір (материалдық, елеулі) нұқсан келтіру қаупі тек қана фактілерге негізделеді деп есептелсін.

Бұл ретте мынадай фактілер қаралуға тиісті:  
тауар импорты көлемінің едәуір өсіп отырғандығының нақты мүмкіндіктерін  
а) айғақтайтын импорт серпіні;

бос өндіріс қуаттарының болуы немесе өткізудің басқа рыноктарының ықтимал сыйымдылығын ескере отырып, импорттаушы қатысушы мемлекеттің аумағына тауар импортын едәуір арттырудың нақты мүмкіндігі туралы айғақтайтын, экспорттаушының өндіріс қуаттарының айқын қалыпты өсуі;

ұлттық тауар өндірушілер бағасына едәуір пәрменді әсер ететін және импортталатын тауарларға сұраныстың одан әрі өсуіне әкелетін тауар импорты бағасының дәңгейі;

осындаи немесе тікелей бәсекелес тауар қорларының көлемі.

10-бап

Осы Хаттаманың 5-9-баптарында аталған факторлар немесе фактілердің ешбірі өздігінен едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтіруі не едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтіру қаупі бар екендігі туралы қорытынды үшін міндепті түрде негіз болып табылмауға тиісті деп саналсын. Едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтірілуінің немесе едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтіру қаупінің бар-жоғы туралы қорытынды барлық факторлардың немесе фактілердің жиынтығын зерделеу негізінде қабылданады. Жекелеген жағдайларда, едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтірілуі не едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтіру қаупі тауар импорты көлемінің артуымен немесе олардың жоқтығынан туындаған жағдайларда, ұлттық экономика саласына едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтірілуі немесе едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтіру қаупі арасында себеп-салдар байланысы болған және тауар импорты көлемінің өсуі, не тауардың демпингтік импорты, не тауардың субсидияланған импорты болған жағдайда, арнайы қорғау, антидемпингтік және өтеу шаралары импорттың ұлттық экономика саласына едәуір (материалдық, елеулі) нұқсан келтіретін бағалар немесе жағдайларда жүзеге асырылатын фактілеріне қолданылуы мүмкін.

## **11-бап**

Арнайы қорғау, антидемпингтік және өтеу шараларын енгізу алдындағы тексерулерге қатысты әрбір Тарап басқа Тараптың ұсынысын зерделеуге және негізінде түпкілікті шешімдер қабылданатын елеулі фактілер мен қорытындылар туралы Интеграциялық Комитетті хабардар етуге келіседі. Арнайы қорғау, антидемпингтік және өтеу шаралары енгізілгенге дейін Тараптар, атап айтқанда, екі жақты консультациялар шенберінде проблемаларды сындарлы шешу үшін барлық мүмкін шараларды қолданатын болады.

## **12-бап**

Арнайы қорғау, антидемпингтік және өтеу шараларын қолданудағы кідіріс ұлттық экономика саласына кейін жойылуы қыын, орны толmas едәуір (материалдық, елеулі) нүқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін жағдайда мұндай консультациялардың өткізілуі кідіріссіз ұйымдастырылатын шарт бойынша консультациялар өткізілгенге дейін ұлттық заннамаға сәйкес уақытша арнайы қорғау, антидемпингтік және өтеу шаралары қолданулы мүмкін.

Тараптар бұл ретте аталған шаралардың енгізілуі туралы Интеграциялық Комитетті хабардар етеді.

## **13-бап**

Кеден одағы туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің өзара саудасында арнайы қорғау, антидемпингтік немесе өтеу шараларын қолдануды көздейтін осы Хаттаманың ережелері сол мемлекеттердің біртұтас кеден аумағы құрылғанға дейін қолданылады.

## **14-бап**

Тараптар арасындағы осы Хаттама ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар келіссөздер арқылы шешілетін болады.

## **15-бап**

Қажет болған жағдайларда осы Хаттамаға Тараптардың келісуі бойынша өзгерістер немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **16-бап**

Осы Хаттама депозитарий болып табылатын Интеграциялық Комитет Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдердің орындалғаны туралы

соңғы хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

Тараптардың әрқайсысы депозитарийге оның күшін тоқтатуға өз ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы хабарлама берген күннен бастап алты ай өткеннен кейін осы Хаттамадан шыға алады.

2000 жылғы 17 ақпанда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір тұпнұсқа данада жасалды. Тұпнұсқа данасы Интеграциялық Комитетте сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Беларусь Республикасының Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін*

*Қыргыз Республикасының Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының Үкіметі үшін*

*Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК